



**Филиал төрағасы
қоғамдық
қабылдау өткізді**
2-бет



**Мен сайлауды кол-
даймын!**
3-бет



**Ауған сарбазда-
рына арналған
маңызы зор іс-
шара**
4-бет

Аудан Тынысы

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ 19 (528) СЕЙСЕНБІ, 3 НАУРЫЗ 2015 ЖЫЛ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ» ЖАРЛЫҚ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-1-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 2015 жылдың 26 сәуіріне тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етсін.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету

жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері сайлау құқығы бар азаматтардың тізімін дер кезінде жасауды және дұрыстығын қамтамасыз етсін, Орталық, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін шешуде жан-жақты көмек көрсетсін.
5. Осы Жарлық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Н.НАЗАРБАЕВ,

Қазақстан Республикасының Президенті

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ

Құрметті қазақстандықтар!

Ел ішінде биыл кезектен тыс Президент сайлауын өткізу мәселесі қызу талқылануда. Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі көтерген бастамаға қоғам өкілдері жан-жақты пікір білдіруде. Парламент депутаттары мен саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, еңбек ұжымдары өз пікірлерін айтты. Маған күн сайын еліміздің түкпір-түкпірінен жүздеген хаттар келуде. Барша жұрт кезектен тыс Президент сайлауын өткізу бастамасына қызу қолдау білдіруде.

Құрметті қазақстандықтар!

Кезектен тыс Президент сайлауын өткізуге Демократиялық күштердің «Қазақстан-2050» жалпыұлттық коалициясы бірауыздан қолдау білдірді. Ол 6 саяси партияның, 18 республикалық қоғамдық бірлестіктің, 500 өңірлік үкіметтік емес ұйымдардың басын біріктіреді. Аталған мәселе бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі бастамашылық жасады.

Бұл күндері менің атыма кәсіпорындардың еңбек ұжымдарынан, ардагерлерден, студенттерден, жасы және кәсібі әртүрлі адамдардан көптеген хаттар мен жеделхаттар түсіп жатыр. Мұның өзі біздің азаматтарымыздың өсе түскен саяси белсенділігі мен олардың ел тағдырына шынайы қамқорлығын білдіреді. Барлықтарыңызға осы үшін зор рахмет.

Біздің азаматтарымыз үшін бүгін не нәрсе аса маңызды?

Біріншіден, маған арналған барлық үндеулерде

ешқандай ішкі кикілжіңдер мен сыртқы жан-жалдар біздің елімізге кесірін тигізбесін деген бүкілхалықтық алаңдаушылық байқалады. Адамдар бұл үшін тұрақтылық пен қоғамымыздың бірлігін нығайту қажет екенін түсінеді.

Екіншіден, әлемдік экономикалық дағдарыс белең ала түскен кезеңде халыққа ертеңгі күніне деген сенімділік керек. Бұл, ең алдымен, жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, әлеуметтік төлемдердің, жалақының, стипендиялардың тұрақтылығы.

Үшіншіден, жаһандық геосаяси қарама-қайшылықтар ушыға түскен жағдайда, біздің азаматтарымызды ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі алаңдатады. Сондықтан қазақстандықтар теңдестірілген ішкі және сыртқы саясаттың әрі қарай жалғастырылғанын қалайды.

Бұлар оңай мәселелер емес. Оларды шешу барлық азаматтар мен барлық деңгейдегі атқарушы биліктен дағдарыстан шығу жөніндегі белгіленген бағдарламаларды орындау үшін күш біріктіруді талап етеді. Осылайша, барлығымыздың алдымызда аса ауыр жұмыс тұр.

Маған Қарағандыдан Нина Алексеевна Мисоченко былай деп жазады:

«Күн сайын балаларымның амандығы үшін, жеріміздегі бейбітшілік пен тыныштық үшін мінәжат етемін. Күн сайын Құдайдың алдында біздің үйлерімізге ешқашан ешқандай алауыздық пен ешқандай соғыс қатер төндірмесін,



біз қашанда бейбіт және бақытты өмір сүрейік деп жалбарынамын. Қазақстанда барлық адамдар татулық пен бір-біріне сеніммен өмір сүріп жатса, бұл Сіздің ерен еңбеңіздің арқасы. Қазақстандықтар бірге еңбек етіп, бір-біріне қолұштарын береді, балалары мен немерелерін алаңсыз оқытып, өсіріп жатыр. Әрқашан және мәңгілік осылай бола берсін!».

Рахмет, Нина Алексеевна! Бұл тек менің ғана емес, біздің бүкіл халқымыздың еңбегі. Тәуелсіздік жылдарында қазақстандықтардың бойында бейбітшілік пен келісім – басты жалпыхалықтық игілігіміз деген даналық ұғым мықтап орнықты. Және оны әр күн сайынғы еңбекпен қорғау және нығайту қажет. Бүгінгі біздің қазақстандық мінез бітіміміз осындай! Бірлік пен Тұрақтылық – бұл біздің жауапты таңдауымыз! Бұл біздің Отанымыздың табысты дамуының басты формуласы.

(жалғасы 2-ші бетте)

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының кезектен тыс конференциясы



Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасын қолдауға аудандық «Нұр отан» партиясының алдындағы жұмыстары туралы, аудандық филиалының төрағасы Григорий Акулов баяндама жасады.

Баяндамадан соң Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің 2015 жылы Президент сайлауын өткізу туралы бастамасы

Наурыз айының 2 жұлдызы күні Бородулиха ауданының Мәдениет үйінде «Нұр Отан» Бородулиха аудандық бөлімінің XVII кезектен тыс конференциясы өтті. Конференцияға аудан әкімі, аудандық «Нұр Отан» партиясының төрағасы Г.Акулов, мәслихаттың төрағасы У.Майжанов, ШҚО Әкімінің қоғамдық кеңесшісі Л.Шокарева, облыстық мәслихаттың депутаты Е.Зайтенов, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихаттың депутаттары, саяси кеңесі бюросының мүшелері, «Жас отан» жастар қанатының мүшелері, аудандық мекемелердің басшылары, ауылдық округтің төрағалары мен партия филиалының мүшелері қатысты. Оған Бородулиха ауданының әкімі, аудандық «Нұр Отан» филиалының төрағасы Григорий Иосифович Акулов төрағалық етті. Аудан басшысы аудандық филиалда кадрлық өзгерістерге байланысты 19 ақпаннан бастап аудандық филиалдың төрағасының бірінші орынбасары болып жұмысқа кіріскен Сауле Тұрсынқызы Урашеваны көпшілікке таныстырды. Конференцияда Президент сайлауын өткізуге байланысты



жалпыхалықтық қолдауға ие болып отырғанын бірауыздан қолдайтын төмендегі сөз алушылар, аудандық мәслихаттың депутаты, Камышенка орта мектебінің директоры Г. Бактыбаева, украин этно-мәдени бірлестігінің жетекшісі М.Ковальчук,

«Жас Отан» жастар қанатының төрағасы Ф. Белбеев, жеке кәсіпкер Т. Касымкина, «Аудан тынысы – Пульс района» ЖШС директоры, бас редакторы Е. Бойченко, алда сәуірде болатын Президент сайлауына байланысты өз пікірлерін айтып, бастаманы қолдайтындықтарын білдірді. Әрбір сөз алушы 2015 жылы Президент сайлауын өткізу туралы бастамасын толығымен қолдайтындықтарын, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жаһандық сынақтар кезеңінде әлемдік саяси және экономикалық дағдарысқа байланысты әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды дамыту бастамаларын табысты жүзеге асыратынына зор сенімдерін білдірді. Жиналыс соңында аудан басшысы сөз сөйлеп осы маңызды науқанға біркісідей атсалысуды шақырды. Жиналыс барысында «Нұр Отан» мүшелері ШҚО партиясының кезектен тыс XVI конференциясына делегаттар сайлады.

М. АТАЕВА

Билік және халық

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ

(Басы 1-ші бетте)
Қымбатты отандастар!

Өткен 23 жыл – біз үшін зәуірде бергісіз жылдар. Кезең-кезеңімен жүргізілген тұрақты саясаттың арқасында біз бүгінгі белеске көтерілдік. Қазақ қазақ болғалы қазіргідей төрт құбыласы түгел, қуатты елге айналып көрген емес. Біз бүгін қариясы қамсыз, азаматы алаңсыз, ұрпағы уайымсыз елдердің қатарына ұмтылды. Біз үшін көк аспанымыз ашық, көк байрағымыз асқақ болғаннан артық мәртебе жоқ.

Жер бетінде саны қанша миллион болса да туын тігер ұл-тарақтай жерді, ұрпағына мирас етер елді арман еткен ұлттар қаншама! Елі болғанмен бағдары жоқ, бағдары болғанмен берекесі жоқ халықтар да көз алдымызда. Қазақстан даму көшіне ілескен елдерден суырылып шығып, көш тізгінін ұстаған елдердің санатына бет алды. Бірақ, біз өткенді ешқашан ұмытпауға тиіспіз.

Қазақ – тарихи жады мықты, соңына қарап тәубесін айтқан, жолына қарап тәуекел еткен халық. Әсіресе, осы күндері маған жүздеген хаттар келіп түсуде. Солтүстік Қазақстан облысының жасы тоқсаннан асқан тұрғыны Байқуаныш Сәрсембин ақсақал былай деп жазыпты:

«Өткен зәуірдегі түрлі тарихи оқиғалардың бәрі менің көз алдыма өтті. Бірде құлдырап, бірде өрлеген қилы замандарды көрдік. Бірақ, дәл қазіргідей Алтын Ғасыр халқымыздың басында ешқашан болған емес. Елінің шекарасын бекітіп, барлық елдермен достық қатынас орнатып, барша адамзат тағдырын шешуге араласып отырған қазақ баласы ешқашан болмаған», – дейді Байқуаныш қария.

Мен жеткен абырой, мәртебе – барша Қазақстанның мерейі. Әрбір хат иесінің бүгінгі Қазақстанды

мақтан етіп, марқайтынын көремін.

Біз өресі биік, рухы берік, отанымыз елміз. Біз үшін туған елдің бір ұыс топырағынан қасиетті жер жоқ, бір түп жусанынан жұпар иіс жоқ. Елдің бірлігін нығайтып, Отанымызды көркейтуге бағытталған кез келген ұсыныс мен үшін құнды. Қоғамда талқыланып жатқан кезектен тыс Президент сайлауын өткізу жайын мен осы тұрғыдан сараладым.

Құрметті отандастар!

Бұрынғы Президент сайлауынан бері 4 жыл өтті. Бұл Қазақстан үшін жаңа мүмкіндіктер ашқан күрделі уақыт еді. Біз 2011 жылғы сайлауды науқаны барысында менің тарапымнан айтылған барлық мақсаттарға қол жеткіздік. Біз әлемдегі аса дамыған 30 елдің қатарына ену жөніндегі ұзақ мерзімді 2050 Стратегиясын жүзеге асырудамыз. Бүгінде мен жаһандық экономикалық және геосаяси тәуекелдерді есепке ала отырып айқындап берген мемлекеттік бағдарламаларда дамудың барлық стратегиялық мәселелері белгіленген.

Дағдарыс пен біздің экспорттық тауарларымызға бағаның күрт төмендеуінен бізге бюджет саясатын жедел оңтайландыруға тура келді. Дағдарысқа қарсы шаралар кеңінен жүзеге асырылуда. Біз жаһандық дамудың ауыртпалықтарын абыроймен еңсеретінімізге сенімдімін. Бізде бұл үшін барлық жағдай – іс-қимылдың нақты жоспарлары, халықтың бірлігі мен қажетті ресурстар бар.

Енді сайлау туралы айтайын. Бүгін мен Парламент Сенаты мен Мәжілісі басшылығымен, Премьер-Министрмен және республика Конституциялық Кеңесінің Төрағасымен консультациялар өткіздім. Оның алдында Сенат Төрағасының сауалы бойынша Конституциялық Кеңес кезектен тыс Президент сайлауын өткізу бойынша жан-жақты

түсініктеме берді. Президент және Парламент сайлауларын өткізудің күнтізбелік мерзімі 2016 жылға дәп келіп, іс жүзінде қосақталып тұр. Конституция бұған жол бермейді.

Менің Мемлекет басшысы лауазымындағы конституциялық өкілеттілігімнің мерзімі 2016 жылы аяқталады. Осыған байланысты екі ұсыныс айтылуда. Бірінші – ел Президентінің сайлауын мерзімінен бұрын өткізу. Екінші – Мемлекет басшысының өкілеттілігін ұзарту туралы референдум өткізу. Екі ұсынысты да жүзеге асыруға болады.

Көңілге қонымдысы, Конституция талаптарына жауап беретіні сайлау өткізу болып табылады. Сондықтан халықтың мүддесіне орай, оның өтінішін, жалтыға ортақ ерік-жігерін есепке ала отырып, Негізгі Заңды бұлжытпай сақтау үшін мен Конституцияның 41-бабының 3.1 тармағына сәйкес шешім қабылдап, 2015 жылдың 26 сәуірінде кезектен тыс Президент сайлауын белгілеу туралы Жарлыққа қол қойдым. Қазақстан үшін сайлау қашанда қоғамдағы бірлік пен келісімнің жоғары тетігі болды. Қазір де және әрқашанда солай болатынына сенімдімін!

Сайлау – аса маңызды конституциялық және патриоттық акт. Оны заңнамаға қатаң сәйкес, ашық және адал, отандық және халықаралық байқаушыларды кеңінен қатыстыра отырып өткізу қажет. Алдағы сайлауға өзімнің қатысатыныма орай шешімді мен кейінірек, еліміздің Конституциясы мен заңдарына толық сәйкес қабылдайтын боламын.

Қымбатты қазақстандықтар!

Қайта қаңарына мінген әлемдік дағдарыс жағдайында бірлік бізге бұрынғысынан бетер құнды. Мемлекеттің тыныштығы мен елдің бірлігін сақтап, дамыту Президенті бастап, елі қостаған кезде ғана баянды болмақ. Жауапкершілік бүкіл халыққа да жүктеледі. Осыны ұмытпайық. Алдағы биік белестер мен асқар асулар үшін біз барлық кедергілерді бағындырып, алаң басуға тиіспіз.

Құзырлы органдар Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасы еліміздің Конституциясына және Сайлау туралы Заңға сай деген қорытынды шығарды. Мен сайлауға қатысты «иә» мен «жоқты» мұқият ой таразысына салдым. Сөйтіп, «кезектен тыс Президент сайлауын өткізген жөн» деген пайымға келдім. Сайлау елімізді ұлы істерге ұйыстырып, баянды болашақ жолында біріктіре түсеріне сенемін. Қазақстандықтарды ел тарихындағы тағы бір тағдырлы оқиғаға жауапкершілікпен қарап, белсене қатысуға шақырамын.

Баршаңызға бірлік пен береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!



Филиал төрағасы қоғамдық қабылдау өткізді

27 ақпан күні «Нұр Отан» аудандық филиалында Бородулиха ауданының әкімі Г.Акулов азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау өткізді.

«Нұр Отан» Бородулиха аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі Григорий Иосифович Акуловтың азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдауы барысында келушілердің әрбір өтініш-тілегіне түсіністікпен қарап, қолдау білдірді. Бүгінгі нарық заманында келушілердің көбін кәсіпкерлікке қызығушылық танытып, өз істерін кеңейтіп, әрі қарай жалғастыру мақсатында жеңілдетілген несие мәселесі толғандыратыны байқалды. Мәселен 3 азамат, атап айтқанда, жеке кәсіпкер В. Пархоменко өз ісін кеңейтуге, ал жастар арасында өз кәсіпкерлігін шыңдап көзге түсіп жүрген жас кәсіпкер М. Ремнев (пластик бөтелкелер жасауға) «Даму» бағдарламасы аясында өз кәсіпкерліктерін кеңейтуге көмек көрсетуді, В. Мурзов (такси қызметін кеңейту бойынша) қалай несие алуға болатындығын сұрады. Аудан басшысының бұл жолғы



қабылдауына келген бірнеше адам Елбасының Жолдауында көрсетілгендей, кәсіпкерлікті қолдауға байланысты «Бизнестің жол картасы – 2020» тағы басқа да бағдарламалар аясында Үкіметтің қолдау көрсетіп жатқандығына ризашылықтарын білдіре отырып, одан әрі кәсіпкерліктерін кеңейтуге өтініштерін білдірді. Ал аудандық тілдер орталығының ағылшын пәнінің жас ұстазы В.Лагус «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында жас мамандарға ауданда қандай жағдай жасалып жатқандығын тілге тиек ете келіп, үй беру мәселесіне тоқталса, бородулихалық зейнеткер Г. Муренко жалғызбасты зейнеткерлерге қандай әлеуметтік көмек көрсетілетіндігін сұрап, өз тілектерін жеткізді. Олардың әрқайсысының жеке-жеке тілегін тыңдаған, аудандық филиал төрағасы Григорий Иосифович жағдайларын толық зерттеп, олардың мәселелерін қарастыруды мекеме басшыларына өз орынбасарларына тапсырды. Аудан басшысының қабылдауына келген барлық азаматтардың өтініш-тілектері ескеріліп, заң аясында шешілетіндігін айта келе, тиісті органдарға нақты тапсырмалар берді.

М. БАЛАБАЙҚЫЗЫ

Құрметті салымшылар!

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ 2015 жылдың «09» ақпанынан бастап 2015 жылдың «08» сәуіріне дейін тұрғын үйді сатып алушылар мен жалға алушылардың пулына қатысуға қосымша өтініш қабылдайтынын хабарлайды, ЖАО-ның тұрғын үй бөлу нәтижесі бойынша бөлінбей қалған пәтерлерді жүзеге асыру үшін, пул «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасының «Халықтың барлық санатына арналған тұрғын үй» бағыты бойынша II топтың талаптарына сәйкес келетін тұлғалардың ішінен құрылады. Нысан – «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы шеңберінде құрылыс жоспарланып жатқан (мекенжайы) ШҚО, Өскемен қаласы, 19 тұрғын ауданда орналасқан «Бес қабатты тұрғын үй, 73 айқындама» көп пәтерлі тұрғын үй (барлығы 30 пәтер). Бағасы «таза» әрлеумен 1 шаршы метрге 100 000 теңге. Құрылыстың аяқталу мерзімі: сәуір 2015 жыл.

Қатысушыларға қойылатын талаптармен Банктің www.hcsbk.kz интернет-ресурсында «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бөлімінде танысуға болады.

Банктің барлық филиалдарында, сондай-ақ Банктің www.hcsbk.kz интернет-ресурсындағы «Клиенттің жеке кабинетінде» өтініш беруге болады.

Өтініш тек Банк салымшыларынан ғана қабылданады.

Банктің:

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Головкин көшесі, 25/1;

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Михалев көшесі, 2;

Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз қаласы, Дүйсенов көшесі, 102/2;

мекенжайларында орналасқан филиалында немесе Банктің www.hcsbk.kz интернет-ресурсында тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы тұрғын үйді сатып алушылар мен жалға алушылардың пулын құру тәртібімен және құрылыс нысанының сипаттамасымен (соның ішінде ғимарат қасбетін және пәтерлердің жоспарлануын көру де бар) егжей-тегжейлі танысуға болады.

Қоғам келбеті

Мен сайлауды қолдаймын!



Ж.АРГИМБАЕВА, зейнеткер, Бородулиха ауылдық округі Әйелдер кеңесінің төрағасы: Президентті сайлау өткізу бастамасына қолдау білдіру өзімнің азаматтық парызым деп санаймын. Мен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың аса қиын кезеңдерде реформаларды қолға алып, оны тиімді жалғастырғандығын, одан нәтиже шығарғандығын өте жақсы білемін. Сонымен қатар, Елбасымыздың салиқалы саясатының арқасында елімізде этносаралық және конфессияаралық келісім нығайды. Президентіміздің

бейбітшілік пен тыныштықты нығайтудағы ерен еңбегі қай кезде де құрметке ие екендігін айтқым келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстандағы әйелдер қауымына да үлкен қолдау көрсетіп келе жатқаны баршаға аян. Елбасымыздың осы бағыттағы салиқалы саясатының арқасында Қазақстан әйелдері қоғамдық қатынастың барлық саласында өз біліктіліктерін шыңдап, жемісті еңбек етіп келеді. Сондықтан, барша қазақстандық әйелдер осы сайлауда Нұрсұлтан Әбішұлына бір ауыздан дауыс береді деп сенемін. Бородулихалық



Д.АСАУБАЕВ, арнаулы әлеуметтік көмек орталығының директоры: Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшелері кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы ұсыныс жасай отырып, халықаралық қиын жағдайлар кезінде олардың алдын алу үшін аса көрегендік танытты. Мен де әлемдік үдерістерді, Саяси жағдайларды үнемі бақылап отырамын. Бұл өте дұрыс бастама деп білемін. Сондықтан осы бастаманы одан әрі іске асыруды толық қолдаймын және бородулихалық жерлестерімді

осы науқанға белсене қатысып, өз дауыстарын Нұрсұлтан Әбішұлына беруге шақырамын. Президентіміз Н.Назарбаев халықты әлеуметтік қолдау мәселесін ешқашан назардан тыс қалдырған емес. Біздің

елімізде жыл сайын осы бағытта мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып, жемісті нәтиже беріп отырғаны баршаға аян. Егер біз кезектен тыс сайлауда Нұрсұлтан Әбішұлы таңдайтын болсақ, әлеуметтік саладағы бүгінгі күнге дейін қол жеткізген жетістіктерімізді одан әрі дамыта аламыз деп сенемін.

А.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ, аудандық мемлекеттік мұрағат директоры: Бүгінде Президент сайлауы тақырыбы барлық өңірде кеңінен



талқылануда. Сондай-ақ, көпшілік Қазақстан халқы Ассамблеясына осы маңызды ұсыныстары үшін алғыс білдіруде. Бұл бастаманы қарапайым еңбеккерден бастап, әр деңгейдегі депутаттар, жалпылай алғанда, бүкіл қазақстандықтар қолдап жатыр. Мен де осы сайлауды өткізе отырып мемлекетіміздің одан әрі дамуына мүмкіндік жасай аламыз деп есептеймін. Өз басым халқымыз бен Президентіміздің даналығына сенемін. Нұрсұлтан Назарбаевпен



ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН САЙЛАУ БОЙЫНША БАСТАМАНЫ ҚОҒАМНЫҢ ҚАБЫЛДАУЫ



бірге бізге қандай да бір дағдарыс қорқынышты емес.

Ф.БЕЛЬБЕЕВ, Бородулиха ауылдық округі әкімінің орынбасары, «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» ЖҚ жауапты хатшысы: Міне биыл кезектен тыс Президент сайлауын өткізгелі жатырмыз. Президент сайлауы қазақстандықтарға ел экономикасын табысты дамытуға бағытталған ұзақ мерзімді жобаларды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысының «Нұрлы Жол» бағдарламасында көрсетілген міндеттер мен тапсырмалар жалғастырылуы әрі орындалуы тиіс. Бұл бағдарлама біздер үшін аса күшті қолдау болып табылады. Сондықтан, біз қазірден бастап бірігіп, барлық күш-жігерімізді осы бағдарламаны жүзеге



асыруға жұмсауымыз қажет. Өйткені, ол Отанымыздың, барлық қазақстандықтардың игілігі үшін қызмет етеді. «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» жастар қанаты кезектен тыс Президент сайлауын толық қолдай отырып, бүкіл ауылдастарды осы маңызды іске белсене қатысуға шақырады.

«2014 жылғы Жезкент кентінің және ауылдық округтер әкімдерінің қызметтерінің рейтингтік қорытындысы туралы» ақпарат

«2014 жылғы арналған ауылдық (кенттік) округтердің әлеуметтік-экономикалық дамуы бағалаудың рейтингтік жүйесі туралы» Бородулиха ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 667 қаулысына сәйкес жақсы көрсеткіштерге жетті:

1 топ
Бородулиха ауылдық округі (К.К. Бичуинов) – кәсіпкерлік, білім беру саласын дамытуда, автожолдар желісін ұстауда және аудан әкімі және әкімнің орынбасарлары берген тапсырмаларын орындауда жақсы көрсеткіштер;
Новопокровка ауылдық округі (Т.М. Жаймұхамедов) – денсаулық сақтау саласын дамытуда, автожолдар желісін ұстауда және дамытуда, мемлекеттік тілді дамытуда, әкімнің орынбасарлары берген тапсырмаларын орындауда жақсы көрсеткіштер;
Новошұльба ауылдық округі (К.К. Карымова) – білім беру, денсаулық сақтау саласын дамытуда, мемлекеттік тілді дамытуда, ауыл шаруашылығы саласын дамытуда, аудан әкімі және әкімнің орынбасарлары берген тапсырмаларын орындауда жақсы көрсеткіштер;
Дмитриевка ауылдық округі (Ж.У. Жолдыбеков) – мемлекеттік тілді, денсаулық сақтау, және мектепке дейін білім беру саласын дамытуда, аудан әкімі және әкімнің орынбасарлары берген тапсырмаларын орындауда жақсы көрсеткіштер;
Ленин ауылдық округі (М.А. Нұрқешев) – мектепке дейін білім беру, денсаулық сақтау саласын дамытуда, дене шынықтыру және спорт және аудан әкімі және әкімнің орынбасарлары берген тапсырмаларын орындауда жақсы көрсеткіштер;
Новодворовка ауылдық округі (А.К. Камилав) – тұрғын үй саласын дамытуда, мемлекеттік

тілді дамытуда, мектепке дейін білім беру және аудан әкімі және әкімнің орынбасарлары берген тапсырмаларын орындауда жақсы көрсеткіштер;
Жұмыс тобы шешті:

1. 2014 жылғы ауылдық (кенттік) округтердің әлеуметтік-экономикалық дамуының рейтингтік бағалау нәтижесін бекітуді:

- бірінші топ бойынша**
 1 орын Бородулиха ауылдық округі
 2 орын Новопокровка ауылдық округі
 3 орын Новошұльба ауылдық округі
 4 орын Белағаш ауылдық округі
 5 орын Петропавловка ауылдық округі
 6 орын Жезкент кенттік округі
екінші топ бойынша
 1 орын Дмитриевка ауылдық округі
 2 орын Ленин ауылдық округі
 3 орын Новодворовка ауылдық округі
 4 орын Жерновка ауылдық округі
 5 орын Таврия ауылдық округі
 6 орын Стенной ауылдық округі
 7 орын Переменовка ауылдық округі
 8 орын Красный Яр ауылдық округі
 9 орын Подборный ауылдық округі
 10 орын Андреевка ауылдық округі
 11 орын Бақы ауылдық округі
 12 орын Зубаир ауылдық округі

2. Жезкент және Зубаир ауылдық округінің 2014 жылғы ауылдық (кенттік) округтердің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді орындау бойынша жұмыстары жеткілікті деп танылды.

3. 2014 жылғы ауылдық (кенттік) округтердің рейтингтік нәтижелері аудандық «Пульс района» және «Аудан тынысы» газеттерінде жариялансын.

М. АРГУМБАЕВ, Экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің бастығы

Бородулиха аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 29-2-V шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 23 ақпандағы 3695 нөмірімен тіркелген)

Бородулиха ауданының аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы
 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1- тармағы 15) тармақшасына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 97-бабына, «Әлеуметтік тұрғындар қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» 2009 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 512 қаулысына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 2314 қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 қаулысына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Бородулиха ауданының аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету туралы Қағидасы бекітілсін.

2. Бородулиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 қазандағы № 27-6-V «Бородулиха ауданының аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 26 қарашадағы 3560 нөмірімен тіркелген, аудандық «Аудан тынысы» газетінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 95, «Пульс района» газетінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 95 сандарында жарияланды) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. ӘУБӘКІРОВ, сессия төрағасы
У. МАЙЖАНОВ,
 аудандық мәслихат хатшысы

АУҒАН САРБАЗДАРЫНА АРНАЛҒАН МАҢЫЗЫ ЗОР ІС-ШАРА

25 ақпанда Бородулиха ауылының көпсалалы кәсіптік колледжінде ұрпақ тәрбиелеу ісінде маңызы бар, аса мазмұнды іс-шара болып өтті. Осы күні Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына, Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 26 жыл толуына арналып «Интернационалист-сарбаздар» атты тарихи-музыкалық кездесу кеші ұйымдастырылды. Бұл іс-шараға колледж директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Скворцова, алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі М.Даиров, кітапхана меңгерушісі С.Баянова жетекшілік етті.

Аталған кешке ауған сарбаздары Ержан Рымқанұлы Асанов, Юрий Федорович Фоминых, Павел Федорович Гуляйкин, Мұрат Кәпкенұлы Төлебаев, Кенжебай Арынұлы Тұғымбаев, Алексей Алексеевич Кемкин шақырылды. Сондай-ақ, ауған сарбаздарын және колледж студенттерін құттықтау үшін аудан әкімі Рысқұл Абузарқызы Атаева, аудандық Қорғаныс бөлімінің басшысы Сәтпек Жақыпұлы Сатыбалдиев, Жаңашүлбі ауылдық округі Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қадыр Оразғалиұлы Ордабаев арнайы келді. Сонымен қатар бұл кешке колледж студенттері, аудан орталығындағы мектептердің алғашқы



студенттер үшін үлгі-өнеге болар оқиғаларды ортаға салды. Әрбір құттықтау сөзден кейін, естелік иесінің әрбір әңгімесінен соң Ауған соғысы жайлы әдемі әндер айтылып, көрермен үлкен экраннан сол күндерден сыр шертер фильм тамашалады.

Осы кеште ауған сарбаздарының аналары туралы да сөз өрбіді. Ұлын әскерге аттандырып тұрып, оның амандығын тілеген ана махаббаты, оның ерлікке



әскери дайындық пәндерінің мұғалімдері, ауыл адамдары қатысты.

Ауған соғысында қаза болған отандастарымызды, жерлестерімізді, ауылдастарымызды еске алуға арналған бір минуттық үнсіздікпен басталған кеш аудан әкімінің орынбасары Р.Атаеваның құттықтау сөзіне ұласты. Одан кейін қорғаныс бөлімінің

пара-пар іс-әрекеті жайлы жүрекжарды лебіздер айтылды. Кешке арнайы шақырылған құрметті қонақ ауған сарбазы Е.Асановтың анасы – Камал апамызға гүл шоғы ұсынылды. Жиылған жұрт бұны бүкіл ауған сарбаздарының аналарына жасалған құрмет деп қабылдады.

Кеш соңында барлық ауған сарбазына Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына орай, Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 26 жыл толғандығына байланысты аудан әкімі Г.Ақуловтың атынан алғыс хаттар табысталды. Аталған марапаттарды аудан басшысының атынан оның орынбасары Р.Атаева тапсырды.

Кешті көпсалалы кәсіптік колледждің директоры Т.Ахметжанов қорытындылап, осы бір тарихи оқиғаның маңызы мен мәніне тоқталды. Барша қауымды, әсіресе ауған сарбаздарын құттықтай отырып, аталған іс-шараға белсене қатысқан барша қауымға алғыс айтты.

Жеңістің 70 жылдығына орайластырылып өткізілген бұл іс-шараның танымдық деңгейі өте жоғары болды. Тыңдай білер құлақ пен түсіне білер сана үшін бұл кештің берері мол. Ұрпақ

тәрбиесінде алдыңғы толқын ағалардың абыройлы істерін, ерлік әрекеттерін басты бағдар етіп ұстай білген қоғам өткенін ұлықтап, бүгінін қастерлеп, болашақ күнге абыроймен жетері сөзсіз.

А.ТЛЕУҒАЗИН



басшысы С.Сатыбалдиев, Жаңашүлбі ауылдық округі Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Ордабаев ауған сарбаздарын, жиылған көпшілікті атаулы мерекелермен құттықтады. Өз кезектерінде сөз алған ауған сарбаздары естеліктерімен бөлісіп,

ТУҒАН КҮНДЕРІҢІЗБЕН!!!

К.Қарымова - 24. 02. 1960

(Жаңа Шүлбі а/о әкімі)

В.Чуваткин - 27. 02. 1970

(Бақы а/о әкімі)

А.Тұрлыбеков - 04. 03. 1974

(Переменовка а/о әкімі)

№ 2 ШЕШІМ

«2015 ЖЫЛДЫҢ 9 СӘУІР КҮНІ БЕЛАГАШ ОКРУГІ ӘКІМІН САЙЛАУ ТУРАЛЫ»

26 ақпан 2015 ж.

Бородулиха ауданы

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 87 бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 32 және 36 бабтарына, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың Концепциясын бекіту туралы» 2012 жылғы 28 қарашадағы № 438 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығына сәйкес, аудандық аумақтық сайлау комиссиясы қаулы етеді:

- 2015 жылдың 9 сәуір күні Белагаш округі әкімін сайлау белгіленсін.
- Белагаш округі әкімін сайлауды өткізудің күнтізбелік жоспары бекітілсін.
- Сайлау іс-шараларының келесі мезгілдері белгіленсін:
 - Әкімдікке кандидаттарды ұсыну 2015 жылдың 9 наурыздан басталып 13 наурыздан аяқталады;
 - Әкімдікке кандидаттарды тіркеу 2015 жылдың 14 наурыздан басталып 24 наурызда аяқталады;
 - Сайлау алдындағы үгіт 2015 жылдың 25 наурыздан басталып сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

С.ХАРЧЕНКО, аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

А. МУХАЕВА, аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы

МАДИНАҒА КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗАЙЫҚ, АҒАЙЫН!

Он сегіз мың ғаламың иесі – Жаратушымыз әрқайсымыздың маңдайымызға әртүрлі тағдыр таңбалаған. Оның өлшеп берген несібесіне шүкіршілік айтып, тіршілік атты керуеннің көшіне ілесіп жүріміз. Сол көште сан түрлі адамдармен жолығасың. Сан қилы тағдырларға кезігесің. Соның бірі – Мадинаның тағдыры.

Мадина 15 жаста. Қарындасымыз соңғы бес жыл бойы жанын жегідей жеген азапты дертпен алысып келеді. 2009 жылы дәрігерлер оған өткір лимфобластық лейкоз (қан обыры) деген диагноз қойды. Мадина бір жыл бойы Алматы қаласындағы Балалардың хирургиялық және педиатриялық ғылыми орталығында ем қабылдады. Дерттің беті қайтып, жағдайы жақсарғандай болды. Мадина тіпті мектепке баратын болды. Алайда, 2014 жылы тамызда оның жағдайы күрт төмендеді. Оны дереу Астана қаласына жіберді. Қазір сол жерде ем алып жатыр. Оның қасында күндіз-түні тілеуін тілеп анасы – Жұпар Қалиқызы отыр. Дәрігерлер қолдан келгеннің бәрін жасауда. Дегенмен Мадинаның жағдайы жақсаратын емес. Астана қаласындағы «Ана мен бала» ғылыми орталығының дәрігерлері жілік майын (костный мозг) ауыстыру қажет деген шешім қабылдады. Ал бұл тек шетелде жасалатын амал. Бұнымен қоймай, Мадинаның сарыауру дертіне шалдыққаны да анықталды. Шетелде жасалатын бұндай ем өте қымбат тұрады. Оның үстіне бұл шетелде ұзақ уақыт емделуді қажет ететін үрдіс. Мадина шетелге жалғыз бара алмайды. Оның қасында міндетті түрде анасы болуы керек. Бұл да қосымша қаржыны қажет ететіні сөзсіз.

Мадина – өмірге құштар қыз. Оның мектепке барып, достарымен араласқысы келеді. Ол да кез-келген адам сияқты толыққанды өмір сүруді қалайды.

Құрметті, Бородулиха ауданының тұрғындары! «Теңіз де тамшыдан құралады» демекші, сіз боп, біз боп, Мадинаға көмек қолын созайық. Қысылтаяң шақта қызымызды демейік. Қолымыздан келген қаражатымызды аямайық! Мадинаға бақыт сыйлау бәріміздің де қолымыздан келеді. Қазақтың бір баласы аман болсыншы деген ниетпен тез арада жұдырықтай жұмылып, барлық таныстарымызды, дос-жарандарымызды көмек көрсетуге шақырып, қолдау таптырайық!

Мадинаға көмек қолын созамын десеңіз ақшалай қаржыны оның анасы – Жұпар Қалиқызы Кеңесбаеваның (құжат бойынша жазылуы: Кеңесбаева Жұпар Қалиевна) банктік есеп-шоттарына аудара аласыз: **Халық банк KZT KZ446010002005899879**

Халық банктің карточкасы 4402 5735 1362 2086

Альянс банктің карточкасы 4042 4489 0248 1798

Жұпар Қалиқызының телефон нөмірлері: 8-771-163-33-27, 8-778-339-82-19. Мекен-жайы: Бородулиха ауданы, Жаңа-Шүлбі ауылы, Союзная көшесі, 11-үй. Үй телефоны: 2(4)-19-07

«Аудан тынысы» - «Пұльс района» ЖШС басқарушы органы «ШҚО ішкі саясат басқармасы» ММ болып табылады

Директор-бас редактор
Екатерина БОЙЧЕНКО

Газет аптасына 2 рет шығады. Жарияланған материалдардағы деректердің дәлдігі үшін автор жауап береді. Басылған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін. Хаттар мен қолжазбалар қайтарылмайды. Жарнама мен хабарламаның дәлдігі үшін редакция жауап бермейді.

Газет ҚР мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, аудандық «Аудан тынысы» - «Пұльс района» газеттерінің тіркеу туралы N 12375-Г куәлігі (05.03.2012) берілген

Директор-бас редактордың орынбасары,
Мейрамгүл АТАЕВА

E-mail: borodulihapuls@mail.ru

Редакцияның мекен-жайы: 070400, ШҚО Бородулиха ауылы, Тәуелсіздік к. N 69
Тел/факс 8(72351) 2 16 60 ТАП: 5794

Таралымы 4010 оның ішінде «Аудан тынысы»880

Газет «Шығыс-Ақпарат» ЖШС - нің баспаханасында басылады. Өскемен к., Космическая 6/3
Көлемі 2 баспа табақ